

Бекітілді

**«Korkyt ata Endowment» корпоративтік қоры
Қамқоршылық кеңесінің шешімімен**

«09» сентябрь 2026 ж.



ЕРЕЖЕ

«Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының пайдасына ерікті қайырымдылық жарналар (Payroll Giving) бағдарламасы туралы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-тың «Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының (бұдан әрі – Эндаумент-қор) пайдасына ерікті қайырымдылық жарналар бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асырудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттары мен тәртібін айқындайды.
- 1.2. Бағдарлама Университеттің білім беру, ғылыми, инновациялық және әлеуметтік қызметін тұрақты қаржыландыруды дамыту мақсатында жүзеге асырылады.
- 1.3. Бағдарлама еріктілік, ашықтық, айқындық, атаулылық және қаражатты мақсатты пайдалану қағидаттарына негізделеді.
- 1.4. Бағдарламаға қатысу толықтай ерікті болып табылады және Университет қызметкерінің жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.
- 1.5. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университеттің жарғысына, Қордың жарғысына және ішкі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Бағдарламаның мақсаты – Университеттің ұзақ мерзімді дамуын қолдауға бағытталған Эндаумент-қорды қаржыландырудың тұрақты көзін қалыптастыру.
- 2.2. Бағдарламаның негізгі міндеттері:
 - Эндаумент-қорға қосымша қаржы ресурстарын тарту;
 - білім беру, ғылыми, инновациялық және әлеуметтік жобаларды қолдау;
 - Университеттің академиялық ортасы мен инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесу;

- дарынды білім алушылар мен оқытушыларды қолдау;
- корпоративтік қайырымдылық пен әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.

3. Бағдарламаға қатысушылар

3.1. Бағдарламаға қатысушылар:

- Университет қызметкерлері;
- Эндаумент-қордың пайдасына ерікті қайырымдылық жасауға ниет білдірген өзге де тұлғалар.

3.2. Бағдарламаға қатысу қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік және өзге де құқықтарына қандай да бір шектеулер енгізбейді.

4. Қайырымдылық жарналарды жүзеге асыру тәртібі

4.1. Ерікті қайырымдылық жарналар қызметкердің жазбаша өтініші негізінде (Қосымша), өзі айқындайтын мөлшерде жалақысынан ай сайын ұстап қалу арқылы жүзеге асырылады.

4.2. Ұстап қалу мөлшері:

- белгіленген (тұрақты) ақшалай сома түрінде;
- айлық табысының пайыздық үлесі ретінде (оның ішінде айлық табыстың 1 %-ы мөлшерінде) белгіленуі мүмкін.

4.3. Ұсталған қаражат Университеттің бухгалтериясы арқылы белгіленген тәртіппен Эндаумент-қордың есепшотына аударылады.

4.4. Қызметкер кез келген уақытта:

- қайырымдылық мөлшерін өзгертуге;
- Бағдарламаға қатысуды уақытша тоқтатуға;
- жазбаша өтініш беру арқылы Бағдарламаға қатысуды тоқтатуға құқылы.

5. Эндаумент-қор қаражатын пайдалану

5.1. Бағдарлама аясында түскен қаражат Эндаумент-қорға есепке алынады және Қордың жарғылық мақсаттарына қатаң сәйкес пайдаланылады.

5.2. Эндаумент-қор активтерін басқарудан түскен табыс келесі мақсаттарға бағытталады:

- білім беру бағдарламаларын дамыту;
- ғылыми зерттеулерді қаржыландыру;
- академиялық ұтқырлықты қолдау;
- атаулы стипендиялар тағайындау;
- материалдық-техникалық базаны дамыту;
- Эндаумент-қордың жарғысында көзделген өзге де мақсаттар.

6. Ашықтық және есептілік

6.1. Эндаумент-қор түскен қаражатты пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

6.2. Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау Эндаумент-қордың ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.

7.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

7.3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес шешіледі.

**«Korkyt ata endowment» корпоративтік қордың пайдасына
ерікті қайырымдылық жарнаны ұстап қалуға
КЕЛІСІМ-ӨТІНІШ**

Мен, _____,
(Т.А.Ә. толық)

_____ лауазымын атқаратын,
құрылымдық бөлімше _____,

осы арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ешқандай мәжбүрлеусіз, өз еркіммен «Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының пайдасына жалақымнан ерікті қайырымдылық жарна ретінде ақшалай қаражатты ұстап қалуға келісімімді білдіремін.

Ұстап қалуды келесі мөлшерде жүргізуді сұраймын (тиістісін белгілеңіз):

- ☐ ай сайын _____ (_____) теңге мөлшеріндегі тұрақты сома;
☐ ай сайынғы жалақымның _____ % мөлшерінде.

Ұсталған қаражатты белгіленген тәртіппен Университеттің Эндаумент-қорының есепшотына аударуыңызды сұраймын.

Маған төмендегілер түсіндірілді және түсінікті:

- Бағдарламаға қатысу толықтай ерікті болып табылады;
- мен қайырымдылық мөлшерін кез келген уақытта өзгертуге немесе ұстап қалуды тоқтатуға құқылымын;
- ұсталған қаражат Эндаумент-қордың жарғылық мақсаттарына сәйкес пайдаланылады;
- осы келісім-өтініш менің еңбек және өзге де құқықтарыма шектеу қоймайды.

Осы келісім « _____ » _____ 20 жылдан бастап күшіне енеді және оны жазбаша түрде кері қайтарып алғанға дейін қолданылады.

Қолы: _____

Т.А.Ә.: _____

Күні: « _____ » _____ 20 жыл